



АТҚАРУ КОМИТЕТІ

ИСПОЛНИТЕЛЬНЫЙ КОМИТЕТ

ҚАУЛЫ ПОСТАНОВЛЕНИЕ

20.02.2026 жыл

№ 9, 9-т.

**Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының әлеуметтік желілердегі жұмыс жөніндегі регламенттер (тәртіптер) кешенін бекіту туралы.**

Ақпараттық қызметті жетілдіру қажеттілігі туралы ақпаратты тыңдап, талқылай отырып, Атқару комитеті Кәсіподақ құрылымдарының әлеуметтік желілердегі орын алуы қызметтің ашықтығын қамтамасыз етудің, кәсіподақ мүшелерін жедел хабардар етудің (ақпараттандырудың) және олардың әлеуметтік-еңбек құқықтарын қорғау үшін қажетті шарт екенін атап өтеді.

Әлеуметтік желілер мен мессенджерлерде Кәсіподақтың ресми қызметін ұйымдастыру және жүргізу бойынша бірыңғай талаптарды, қағидалар мен рәсімдерді белгілеу мақсатында, Атқару комитеті **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстандық оқу-ағарту, ғылым және жоғары білім қызметкерлерінің салалық кәсіподағының әлеуметтік желілердегі жұмыс жөніндегі регламенттер (тәртіптер) кешені бекітілсін.

2. Кәсіподақтың мүшелік ұйымдарының басқару органдары:

- бекітілген регламенттер кешенін жұмыс барысында басшылыққа алсын;

- аккаунттарды жүргізу кезінде заңдылық, ақпараттың дұрыстығы, жеделдік және коммуникациялардың ашықтығы қағидаттарының сақталуын қамтамасыз етсін;

- әлеуметтік желілер мен мессенджерлердегі ресми парақшаларды жүргізуге жауапты тұлғаларды айқындап, тағайындасын.

3. Кәсіподақтың Орталық комитеті аппаратының ұйымдастыру жұмысы бөлімі (Иманбаев Е.С.) Регламенттің іске асырылуын үйлестіруді

және Кәсіподақтың мүшелік ұйымдарына әдістемелік қолдау көрсетуді қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Кәсіподақ төрағасының орынбасары В.Ф.Беженаровқа жүктелсін.

**Төраға**



**А. Мұқашева**